

"Алатау" баспа-полиграфиялық корпорациясы" республикалық мемлекеттік кәсіпорнын қайта ұйымдастыру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 29 қыркүйек N 1470

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Алатау" баспа-полиграфиялық корпорациясы" республикалық мемлекеттік кәсіпорны :

1) аудандық баспаханалардың мүліктік кешендерін бөлу және олардың базасында "Алатау" баспа-полиграфиялық корпорациясы" ашық акционерлік қоғамын (бұдан әрі - "Алатау" БПК" ААҚ) құру ;

2) қалалық баспахана мүліктік кешенін бөлу және оның базасында құрылтайшылар құрамына 30 пайыздан аспайтын қатысушы үлесімен "Сын" жауапкершілігі шектеулі серіктестігін енгізе отырып, "Алматы-Болашақ" жабық акционерлік қоғамын (бұдан әрі - "Алматы-Болашақ" ЖАҚ) құру жолымен қайта ұйымдастырылсын.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті :

1) "Алатау" БПК" ААҚ мен "Алматы-Болашақ" ЖАҚ-ның жарғыларын бекіту кезінде олардың негізгі қызмет түрлерін анықтасын және олардың мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін ;

2) "Алатау" БПК" ААҚ мен "Алматы-Болашақ" ЖАҚ-ның акцияларының мемлекеттік пакеттерінің олардың жарғылық капиталдарының 33 пайызы мөлшеріндегі бөлігін жекешелендіруді жүзеге асырсын ;

3) "Алатау" БПК" ААҚ мен "Алматы-Болашақ" ЖАҚ акцияларының мемлекеттік пакеттерін иелену және пайдалану құқықтарын жүзеге асырушы уәкілетті орган етіп Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігін белгілесін ;

4) осы қаулыдан туындайтын өзге де қажетті шараларды қабылдасын.

3. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін :

1) "Акциялардың мемлекеттік пакеттеріне мемлекеттік меншіктің түрлері және ұйымдарға қатысудың мемлекеттік үлестері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 12 сәуірдегі N 405 Р990405_ қаулысына мынадай толықтырулар енгізілсін :

көрсетілген қаулымен бекітілген Акциялардың мемлекеттік пакеттері мен олардың үлестері республикалық меншікке жатқызылған акционерлік қоғамдар мен шаруашылық серіктестіктерінің тізбесіндегі :

" Алматы қ. " б ө л і м і :

мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 293 және 293-1-жолдармен толықтырылсын:

" 2 9 3 . " А л а т а у " Б П К " А А Қ ;
2 9 3 - 1 . " А л м а т ы - Б о л а ш а қ " Ж А Қ " ;

2) "Республикалық меншіктегі ұйымдар акцияларының мемлекеттік пакеттері мен мемлекеттік үлестеріне иелік ету және пайдалану жөніндегі құқықтарды беру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 27 мамырдағы N 659 P990659_ қаулысына :

көрсетілген қаулымен бекітілген Республикалық меншіктегі ұйымдар акцияларының мемлекеттік пакеттері мен мемлекеттік үлестеріне иелік ету және пайдалану құқығы берілетін салалық министрліктер тізбесіндегі:

"Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім

министрлігі" бөлімі:

мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 224-1 және 224-2-жолдармен толықтырылсын:

"224-1. "Алатау" БПК" ААҚ;
224-2. "Алматы-Болашақ" ЖАҚ";

3) "Қазақстан Республикасында мемлекеттік меншік объектілерін жекешелендіру мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 10 желтоқсандағы N 1271

Р 9 8 1 2 7 1 _

қаулысындағы:

көрсетілген қаулымен бекітілген Республикалық мемлекеттік кәсіпорындарға жатқызылған кәсіпорындар тізбесіндегі реттік нөмірі 4-жол алынып тасталсын.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Оқығандар:

Багарова Ж.А.
Қасымбеков Б.А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ